

Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын қолдануы тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 16 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 8 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.11.2016 № 8 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Соттардың қоршаған орта туралы заңдарды бірыңғай түсінуін және дұрыс қолдануын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі екендігіне соттардың назары аударылсын.

Баяндалып отырған конституциялық ереже қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды тиімді қолдану, сондай-ақ азаматтардың өздерінің денсаулығы мен өмірі үшін қолайлы ортаға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету уәкілетті мемлекетті органдардың міндеті болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау міндетін жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган мен арнаулы құзырет органдары жатады.

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен оның аумақтық органдары - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган болып табылады.

Арнаулы құзырет органдарына қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару міндетін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге орталық атқарушы органдарға:

- Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару және жерге орналастыру жөніндегі агенттігі - жер заңдарын сақтауды, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды бақылау бөлігінде;

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі - санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бақылау, қамтамасыз ету және сақтау бөлігінде;

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі - көлік құралдарының атмосфераға зиянды заттарды шығаруына бақылау бөлігінде;

- басқа да уәкілетті органдар жатады.

3. Қоршаған орта табиғи объектілердің, оның ішінде табиғи ресурстардың - атмосфералық ауаны, топырақты, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, олармен әрекеттестікте климатты қоса алғанда, жанды және жансыз ресурстарының жиынтығы болып табылады.

Табиғи ресурстар қоғамның материалдық, мәдени және басқа да қажеттерін (жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі) қанағаттандыру үшін шаруашылық немесе өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын қоршаған ортаның құрамдас бөліктері болып табылады.

Атмосфералық ауаның, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, Қызыл Кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің және шаруашылық процесінде пайдаланылмайтын басқа да табиғи объектілердің табиғи ресурстарға жатпайтынын соттар ескеруі тиіс.

4. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және "Қоршаған ортаны қорғау туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы", "Экологиялық сараптама туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы", "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарынан, Қазақстан Республикасының Орман және Су кодекстерінен, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы", "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" заң күші бар Жарлықтарынан және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Бұл орайда "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңмен реттелмейтін бөлігінде табиғи объектілерді қорғау мен пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен және өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы 2-бабының 2-бөлігіне байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін, аталған Заңға қайшы келетін өзге де құқықтық актілердің нормалары "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолдана алынатынын соттардың ескергені жөн.

5. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы 86-бабының талаптарын негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан

қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына, ұйымдардың, азаматтардың немесе мемлекеттің мүлкіне зиян келтірген заңды және жеке тұлғалар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес зиянды өтеуге міндетті.

Сондықтан қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзуға байланысты азаматтық істерді қараған кезде соттардың зиянды зардаптардың басталғандығы туралы айғақ беретін мән-жайларды міндетті тәртіппен айқындап алғаны, сондай-ақ зиян келтірушіні, кінәнің және себептік байланыстың бар-жоқтығын анықтайтын шараларды қолданғаны жөн.

Зиян келтірушіні анықтау мүмкін болмаған жағдайларда соттар табиғи ресурстардың меншік иесіне немесе қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оны қорғау міндеті жүктелген өзге де заңды иеленушіге жауапкершілік жүктеуге тиіс (ҚР Азаматтық кодексінің (бұдан әрі мәтінде - АК) 917-бабының 1-бөлігі, ҚР Экология және биоресурстар министрлігі 1995 жылғы 21 маусымда бекіткен " Табиғат қорғау заңдарын бұза отырып қоршаған ортаға келтірілген залалдың мөлшерін анықтаудың уақытша тәртібінің" 1.12-тармағы).

Жасалған әрекет пен басталған зиянды зардаптардың арасындағы себептік байланыстарды анықтау мұндай зардаптар өзге факторлардан, оның ішінде жаратылыстық-табиғаттық факторлардан туындады ма, олар жасалған құқық бұзушылыққа қатыссыз басталған, сондай-ақ жаратылыстану-табиғаттық факторлар басталған зиянды салдардың сипаты мен көлеміне қандай дәрежеде әсер етті деген мәселені айқындауды көздейді.

6. Жалпы ереже бойынша кінә қоршаған ортаға келтірген зиян үшін мүліктік жауапкершілікке тартуға қажетті негіз болып табылады, бұл орайда АК-ң 917-бабының 2-тармағына байланысты талапкер зиян келтірушінің кінәсін анықтау міндетінен босатылады.

Сонымен бірге, соттар кейбір жағдайларда зиян келтірушінің кінәсінің бар-жоқтығына қарамастан, қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін жауапкершілік жүктеуге жол берілетінін ескеруге тиіс.

АК-ң 931-бабының 1-бөлігіне, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы 86-бабының 2-бөлігіне байланысты қызметі қоршаған ортаға көтеріңкі қауіппен байланысты болатын заңды және жеке тұлғалар өздері келтірген зиянды кінәсінің бар-жоқтығына қарамастан өтейді.

Заңды және жеке тұлғаның қызметі қоршаған ортаны қорғау үшін көтеріңкі қауіп келтіре ме деген мәселені сот "Экологиялық сараптама туралы" Заңының 1-бабында келтірілген ережелерді есепке ала отырып, әрбір нақты жағдайда дербес шешеді.

Қоршаған орта үшін көтеріңкі қауіп болып табылатын қызметпен келтірілген зиян үшін жауапкершілікті жүктеген кезде соттар АК-ң 931-бабының 1-бөлігіне, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы 86-бабының 2-бөлігіне байланысты

занды және жеке тұлғалар өздері келтірген зиянды өтеу міндетінен, егер зиян жойқын күштің немесе жәбірленуші қаскөйлігі салдарынан туындаған жағдайда босатылатынын ескеруге тиіс.

Жекелеген жағдайда қоршаған орта үшін белгілі бір қызметтің көтеріңкі қаупі туралы заң актілерінде тікелей көрсетілгеніне соттардың назары аударылсын.

Мәселен, ҚР Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" заң күші бар Жарлығы 48-1-бабына байланысты қорғаныш аймағының шектеріндегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қоршаған орта үшін көтеріңкі қауіп болып табылады. Бұл жағдайда, су деңгейінің көтерілуі жойқын күш болып табылатын мән-жайлардың қатарына жатпайтынын соттардың ескеруі тиіс.

7. АҚ-ң 932-бабына сәйкес қоршаған ортаға бірнеше адам болып бірлесіп зиян келтірген кезде оларға ортақ жауапкершілік жүктелетініне соттардың назары аударылсын.

Сонымен бірге, аталған жағдайларда сот талапкердің өтініші бойынша кінәлі адамдарға, егер өндіріп алудың мұндай тәртібі қоршаған ортаны қорғау мүдделеріне сай келіп, келтірілген шығынды тиімді және сайып келгенде толық өтеуді қамтамасыз етсе, үлестік жауапкершілік жүктеуге құқылы (АҚ-ң 932-бабының 2-бөлігі).

Сот кінәлі тұлғаларға үлестік жауапкершілікті жүктей отырып, олардың әрқайсысының кінәсінің дәрежесіне сүйенуге тиіс, ал әрбір зиян келтірушінің кінәсінің дәрежесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жауапкершілік мөлшері үлестердің теңдігін негізге ала отырып белгіленеді.

Сондай-ақ бірнеше тұлғалар экологиялық құқық бұзушылық жасаған кезде келтірілген зиян үшін ортақ не үлестік жауапкершілік жүктеуге аталған тұлғалардың бірлесіп қатысуы анықталған эпизодтар бойынша ғана жол берілетінін ескеру керек.

Бұл жағдайда шешімнің қорытынды бөлігінде кінәлі тұлғалардың ішінен кімге ортақ жауапкершілік, кімге үлестік жауапкершілік (оның мөлшерін анықтай отырып) жүктелетіні көрсетіледі.

8. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін мүліктік жауапкершілік мөлшерін анықтаған кезде сот зиян келтірушінің мүліктік жағдайын назарға алуға және зиянды өтеу мөлшерін, зиянды заңды тұлғаның не жеке тұлғаның қасақана әрекетімен келтірілген жағдайларды қоспағанда, азайтуға құқылы (АҚ-і 935-бабының 5-бөлігі).

9. Қоршаған ортаны ластау деп қоршаған ортаға оның жағдайын экологиялық-санитариялық қолайлылық және қоғамның экономикалық

мүдделері тұрғысынан нашарлатуға әкеп соқтыратын заттар мен энергияның антропогенді шарттастырылған түсуі ұғынылады.

Қоршаған ортаны ластаудың әр алуан негізгі түрлері химиялық, механикалық (қоқыстау), биологиялық (жұқтыру), физикалық (радиациялық, акустикалық немесе электромагниттік сәуле шығару, тербеліс, және т.б.) болып табылады.

Сонымен бірге, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды қолданған кезде соттар кез келген ластанудың емес, қоршаған орта сапасының белгіленген нормативтерінен асатын ластанудың ғана заңды мәні болатынын ескеруі тиіс.

10. Экологиялық құқық бұзушылықтарды дәрежелеген кезде соттар қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарда: бүлдіру, зақымдау, табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдалану, табиғи ортаны өз бетімен және нормативтен тыс ластау ұғымдары қамтылғанын ескеруге тиіс (Экология және биоресурстар министрлігі 1996 жылғы 13 мамырда бекіткен "Табиғатты қорғау заңын бұзушылық арқылы табиғи ортаға келтірілген зиянның мөлшерін анықтаудың уақытша тәртібі", 1.2-1.7-тармақтар).

Сонымен бірге қолданыстағы заңдар жекелеген табиғи объектілерге қатысты табиғи объектінің ерекшеліктерін ескере отырып экологиялық тәртіп бұзушылық ұғымын нақтылайды.

Айталық, суды ластау ұғымы Қазақстан Республикасының Су кодексінің 100-бабында, жерді ластау - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 маусымдағы қаулысымен бекітілген "Ластанған және бұзылған жерлерді алу, қорғау және пайдалану тәртібі туралы ережесінде" беріледі.

11. Қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген залалдың құнын бағалау кезінде, сондай-ақ тараптар берген есепті тексеру үшін соттар қоршаған ортаның әрбір нақты объектісіне қатысты белгіленген нормативтер мен кесімді бағаны қолданады.

Атап айтқанда, өтеуге жатқызылған зиянның құнын бағалау кезінде:

- ауылшаруашылық және орман алқаптарына келтірілген залалдың есебі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 299 қаулысымен бекітілген "Ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген зиянды және меншік иелері мен жер пайдаланушыларға келтірілген өтелуге жататын шығындарды айқындау тәртібі туралы қағидаға" (ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 7 маусымдағы N 708 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен), сондай-ақ ҚР Министрлер Кабинетінің "Орман заңдарының бұзылғаны және Қазақ КСР-ның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді заңсыз жинағаны немесе зақымдағаны үшін материалдық жауаптылық туралы" 1993 жылғы 23 ақпандағы N 136 қаулысына;

- балық қорына және гидробионтқа келтірілген залалдың есебі ҚР Министрлер Кабинетінің "Жануарлар әлемін қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" (1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 889 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) 1992 жылғы 26 наурыздағы N 281 қаулысына;

- қоршаған ортаның жекелеген объектілерін мұнай өнімдерінің, қабатталған сулардың ластануы нәтижесінде, сондай-ақ рұқсат берілмеген мұнай амбарларын орналастыру кезінде келтірілген залалдың есебі 1996 жылғы 13 мамырда ҚР Экология және биоресурстар министрлігі бекіткен "Атмосфералық, жер және су ресурстарының мұнай өнімдерімен, қат-қабат сулармен ластанған кезінде және бекітілмеген мұнай қамбаларын орналастыру кезіндегі зиянды есептеуге уақытша әдістемесіне";

- басқа да табиғи объектілер мен халықтың денсаулығына келтірілген залал есебінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілетінін ескеру қажет.

Егер залалды есептеу тәртібі арнаулы нормативтік құқықтық актілермен реттелмесе, оның мөлшері келтірілген залал, оның ішінде қолдан шығарылған пайда ("Қоршаған ортаны қорғау туралы" ҚР Заңының 86-бабы) ескеріле отырып, қоршаған ортаның жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығынның мөлшері бойынша анықталады.

Берілген есептердің дұрыстығына күдік тудырылса не тараптардың бірі қарсылық білдірсе, қайшылықты тексеру және жою мақсатында сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі мәтін бойынша - АІЖК-нің) 91-бабына сәйкес тиісті сараптама тағайындайды.

12. Кез келген мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік заңды және жеке тұлғалар ластандыру (зиян келтіру) субъектісі болуы мүмкін.

Қоршаған ортаға зиянды заттарды төгетін немесе өзге де ретпен шығаратын объект ластану көзі болып табылады.

Қоршаған ортаны ластану тәсілдері болып мыналар табылады:

1) белгіленген нормалар мен ережелерді бұза отырып жүзеге асырылған шаруашылық қызмет;

2) табиғат пайдаланумен байланысты емес өзге де заңға қайшы қызмет;

3) авариялар мен апаттар;

4) еліміздің аумағына экологиялық жағынан қауіпті тауарлар мен заттар әкелу.

Табиғи ресурстар да (топырақ, жер қойнауы, су, орман мен өзге де өскіндер, жануарлар дүниесі), табиғи ресурстарға жатпайтын табиғат объектілері де (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, атмосфералық ауа, Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктер және т.б.) экологиялық тәртіп бұзушылық объектісі болып табылады. Сонымен бірге климат және басқа табиғи экологиялық жүйелер

, табиғат пайдалану саласындағы басқару қатынастары, меншік құқығы қатынастары мен өзге де табиғи ресурстарға қатынастар және тағы басқалары да экологиялық тәртіп бұзушылық объектілері болады.

13. Мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау міндетін жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелері қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыру жөніндегі іс бойынша талапкер болуы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңның 5, 6-баптарына орай заңды және жеке тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін тоқтату туралы сотқа талап қоюға құқылы.

Қоғамдық бірлестіктердің белгіленбеген адамдар тобының экологиялық мүдделерін қорғау үшін басқалай талап қоюға құқығы жоқ, өйткені ҚР АІЖК-нің 8-бабына сәйкес белгіленбеген адамдар тобының мүддесін қорғап сотқа жүгіну құқығы заң актілерінде тікелей көрсетіле отырып туындайды.

14. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 13 бабына сәйкес Қазақстан Республикасында табиғи ресурстар жалпы не арнайы табиғат пайдалану құқығында болады.

Жалпы табиғат пайдалану Қазақстан халқының өмірлік тұтыну қажеттігін қанағаттандыру үшін табиғат қорғау объектілерін оларды табиғат пайдалануға берместен, заңдармен көзделген шектеулерді қоспағанда, тегін пайдалану негізінде жүзеге асыру құқығын білдіреді.

Арнайы табиғат пайдалану заңды және жеке тұлғалардың оларға уәкілетті мемлекеттік органдардың белгілеген тәртіпте берген табиғи ресурстарды пайдалану құқығын білдіреді.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы тұрақты және уақытша, оқшауланған немесе оқшауланбаған, ақылы немесе ақысыз берілген, бірінші және екінші болуы мүмкін.

Табиғи ресурстарға заттай құқық (оның ішінде сервитут), сондай-ақ белгіленген лимит шегінде шаруашылық қызметті жүзеге асыру процесінде қоршаған ортаны ластау құқығы арнайы табиғат пайдалану құқығының ерекше түрі болып табылады.

15. Соттар табиғи ресурстарды арнайы табиғат пайдалануға беру мәселесінің заңға тәуелді арнайы нормативтік құқықтық актілермен реттелетінін назарға алуы тиіс.

Айталық, жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру қағидасын бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысымен белгіленген тәртіпте жасалған келісім-шарт негізінде беріледі.

Кәсіпшілік балық аулау және басқа да су жануарларын кәсіпшілік пайдалану құқығын беру тәртібі Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң аулау шаруашылығы комитетінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 84 бұйрығымен бекітілген "Балық ресурстарын пайдалану ресімінің тәртібі туралы нұсқаулықпен" реттеледі.

Аң аулау құқығы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығын беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 1282 қаулысымен, сондай-ақ ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Аңшылық билетін беру ережесі туралы" 2000 жылғы 3 тамыздағы N 308-П бұйрығымен белгіленген тәртіпте беріледі.

Жер үсті және жер асты суларын пайдалану құқығы ҚР Министрлер Кабинетінің "Арнайы су пайдалануға келісу және оған рұқсат беру тәртібін бекіту туралы" 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1482 қаулысымен, сондай-ақ ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары жөніндегі комитетінің бұйрығымен бекітілген "Жер үсті суларын пайдалану үшін арнайы су пайдалануға келісу және оған рұқсат беру тәртібі туралы нұсқаулықпен" реттеледі.

16. Соттар қоршаған ортаны қорғау туралы заңдармен белгіленген лимит шегінде шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру процесінде қоршаған ортаны ластауға жол берілетініне назар аударатын болсын.

Нәтижесінде қоршаған ортаны ластайтын шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар арнайы табиғат пайдалануға Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы N 17-П бұйрығымен бекітілген "Арнайы табиғат пайдалануға рұқсат беру ережелерімен" белгіленген тәртіпте қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсатты алуға міндетті.

Аталған рұқсат табиғат пайдаланудың нақты мерзімдері, көлемі мен нормалары, шарттары және қолданылатын технология көрсетіле отырып шаруашылық және өзге де қызметі (табиғи ресурстарды пайдалану (алу), ластаушы заттарды төгу мен шығару, өндіріс қалдықтарын орналастыру мен тұтыну) нәтижесінде қоршаған ортаны ластауға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Соттар рұқсаттың қолданылу мерзімі оның берілген күніне қарамастан, рұқсат етілген күнтізбелік жыл шегінде шектелетініне назар аударатын болсын (аталған Ереженің 1.7-тармағы).

17. Соттар уәкілетті органның арнайы табиғат пайдалану құқығын беруден және оған рұқсат беруден, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілермен көзделген қосымша талаптар белгілеуден бас тартуымен байланысты заңсыз

әрекеттеріне шағымдану туралы азаматтардың арыздары ҚР АІЖК-нің 27-тарауымен көзделген тәртіпте қаралатынын назарда ұстағаны жөн. Егер шағым иесі заңды тұлға болып табылса, дау талап арыз өндірісі тәртібімен қаралады.

18. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңның 13-бабына сәйкес арнайы табиғат пайдалану құқығы ақылы не ақысыз болуы мүмкін.

Егер арнайы табиғат пайдалану құқығы ақылы жүзеге асырылатын болса, төлемдер мөлшері пайдаланылатын табиғи ресурстардың түрлеріне және осындай пайдаланудың сипатына қарай заңға тәуелді нормативтік актілермен, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің "ҚР-ның азаматтары мен заңды тұлғаларының жабайы аңдарды аулауына арналған бірыңғай ең төменгі төлем ставкаларын бекіту туралы" 1998 жылғы 11 тамыздағы N 760 қаулысымен;

- ҚР Үкіметінің "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында су жануарларын кәсіпшілік пайдалану үшін және спорт-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулау жүргізуге арналған рұқсаттың құнын бекіту туралы" 1998 жылғы 28 шілдедегі N 711 қаулысымен;

- ҚР Үкіметінің "ҚР-ның экономика салалары бойынша жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін ақы есептеу, алу мен енгізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы ҚР-ның экономикалық саласы бойынша су ресурстарының жер бетіндегі көздерін пайдаланғаны үшін ақы есептеу, өндіріп алу мен енгізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1227 қаулысымен;

- ҚР Үкіметінің "Мемлекеттің жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін жерлері үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" 1996 жылғы 8 мамырдағы қаулысымен;

- ҚР Үкіметінің "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағында жабайы аңдарды аулауына арналған бірыңғай ең төмен төлем ставкаларын бекіту туралы" 1998 жылғы 22 шілдедегі N 688 қаулысымен;

- өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

Сонымен бірге табиғат пайдаланушыда арнайы табиғат пайдалануға тиісті тәртіппен ресімделген рұқсаттың болмауы залалды өтеумен бірге табиғат объектілерін өз бетімен пайдаланғаны үшін тиісті төлемдер төлеу міндетінен босатпайды.

19. Соттар заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық немесе өзге де қызметтерді жүзеге асыру процесінде қоршаған ортаны ластау құқығы да арнайы табиғат пайдаланудың ақылы түріне жататынына назар аударуы тиіс.

Айталық, "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 29-бабына сәйкес қоршаған ортаны ластау төлемдерінің ставкасын ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің келісімі бойынша жыл сайын

белгіленген лимиттер (квота) шегінде облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) әкімдері бекітеді.

Сонымен бірге "Нормативтік құқықтық актілер туралы" ҚР Заңының 38-бабы 1-бөлігінің күшіне орай облыс (Астана және Алматы қалалары) әкімдері бекіткен қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер ставкасының, олар ҚР-ның Әділет министрлігінде тіркелген жағдайда ғана, заңды күші болады.

20. Қоршаған ортаны белгіленген лимиттен тыс ластағаны үшін ақы бекітілген нормативтік ставканың еселенген мөлшерінде алынады, сонымен бірге белгіленген нормативтерден асып кеткені үшін өндіріліп алынатын төлемдердің еселенуі ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі бекіткен әдіс бойынша белгіленеді.

Егер қалдықтарды төгуге (шығаруға) және орналастыруға рұқсат (лимит) белгіленген тәртіпте ресімделмей табиғи ортаны ластауға жол берілсе, ластайтын заттардың барлық көлемі нормативтен тыс ластау болып есептеледі.

Сонымен бірге соттар нормадан тыс ластауға төленетін төлемдердің көтерілген мөлшері табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы болып табылатынын, сондықтан ол әр нақты жағдайда ҚР АҚ-нің 917-бабында көзделген негіздер мен жағдайларға байланысты қолданылатынын ескеруге тиіс.

ҚР Экология министрлігі 1995 жылғы 21 маусымда бекіткен Табиғат қорғау заңдарын бұзудан табиғи ортаға келтірілген залалды белгілеудің уақытша тәртібіне сәйкес төгінділердің (шығарындылардың) белгіленген нормативтерден асып кеткендігін айғақтайтын инструменталдық өлшемдер мен талдаулар алғашқы тексеруге дейінгі кезеңге қолданылады, бірақ ол 3 айдан аспауға тиіс.

21. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны, қоршаған ортаны ластағаны, өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін және өзге де зиянды ықпалдардың түрлеріне "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңмен және қолданыстағы заң актілерімен көзделмеген қосымша төлемдер өндіріп алуға жол берілмейді.

Осыған байланысты, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің есептелуінің дұрыстығын тексерген кезде соттар ҚР Экология және биоресурстар министрі 1994 жылғы 9 тамызда бекіткен "Қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін төлем төлеуді анықтау әдістемесін", ҚР Үкіметі бекіткен 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 1213 қаулысымен бекітілген "Қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы алудың ережелерін", ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 18 маусымдағы N 693 бұйрығымен бекітілген "Қоршаған ортаны ластағаны және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін төлемдер есептеу мен енгізу тәртібі туралы" нұсқаманы басшылыққа алуға тиіс.

22. Тізбесі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 21-бабында берілген, табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі жекелеген қызмет түрлері міндетті

түрде лицензиялануға тиіс екендігін, сонымен бірге лицензия берушілер тізбесін ҚР Үкіметі бекітетінін, ал лицензия шарттары мен оны беру тәртібі заңдармен реттелетінін соттардың назарда ұстауы тиіс.

Сонымен бірге, лицензия берушілер тізбесін, сондай-ақ лицензиялардың шарттары мен берілу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің болмауына байланысты, тараптардың аталған заңның 21-бабын қолдану туралы талабын сот іс жүзінде қарай алмайды.

Сондай-ақ "Лицензиялау туралы" ҚР Заңының 7-бабының 1-тармағы ережелерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне жатпайтынын да ескерген жөн.

23. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды шешкен кезде "Экологиялық сараптама туралы" ҚР Заңының 14-бабымен міндетті экологиялық сараптамаға жататын объектілер тізбесі белгіленгенін соттардың ескергені жөн, мұндайда қызметті мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысыз жүзеге асыру - "Экологиялық сараптама туралы" ҚР Заңының 39-бабына орай табиғат қорғау заңдарын бұзушылық болып табылады.

24. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзумен байланысты істерді қараған кезде соттар жіберілген тәртіп бұзушылық сипатын анықтау шараларын қабылдауға, мәлімделген талаптардың құқықтық негіздемелерін анықтауға, сондай-ақ тараптардан тиісті есептер мен оны өткізу әдістерін, өлшем актілерін, лабораториялық талдау нәтижелерін және АІЖК-нің 64-бабына орай іс бойынша дәлелдеме болып танылуы мүмкін басқа да деректерді талап етуі тиіс.

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қатысуымен дауды шешкен кезде соттар талапкерден дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеудің дәлелдемесін талап етуге тиіс.

Шешімнің дәлелдеу бөлігінде орындалмауы құқық бұзушылықты дәрежелеу үшін негіз болып табылатын "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 20-бабымен табиғат пайдаланушыға жүктелген нақты міндеттемелерді көрсете отырып, қолданылып жүрген заңдардың нормаларына міндетті түрде сілтеме жасаған жөн.

25. Заңды және жеке тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзге де қызметін тоқтату туралы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер қойған талаптарды қараған кезде ("Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 5, 6-баптары) соттар заңға қайшы қызмет туралы да, заңды (рұқсат етілген) қызмет туралы да шешім шығаруға құқылы, өйткені құқық бұзушылық емес, қоршаған орта мен адамның денсаулығына теріс ықпал еткен, тиісті сараптама қорытындысымен танылған фактіні анықтау - осы санаттағы істер бойынша шағым талаптарын қанағаттандыру үшін негіздеме болып табылады.

Экологиялық жағынан зиянды қызметті тоқтату туралы шағым-талапты қанағаттандыру туралы шешім қабылдай отырып, соттар теріс ықпалды тоқтату тек объектіні жабу жолымен ғана емес, сондай-ақ жауапкерге теріс ықпал көздеріне: жөндеу жүргізуге, қайта құруға, тазартушы жаңа құрылыстар жүргізуге, табиғат пайдалану жағдайларын өзгертуге және т.б. бағытталған іс-қимыл жасауы жөнінде міндеттеме жүктеу жолымен де мүмкін екендігін назарда ұстауы керек.

26. Соттың жауапкершілікке тартылған адамның бұрын белгіленген тәртіппен дау тудырмаған табиғат қорғау заңдарының сақталуын тексеру актісінің тұжырымдарына қатысты қарсылығын мәні бойынша қараудан бас тартуына құқығы жоқ.

27. Тиісті рұқсат алмай өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін, тасушы қалдықтарды тасу туралы шарт бойынша тиісті рұқсат алу міндетін өзіне қабылдаған жағдайларды қоспағанда, бұл қалдықтарды өндірістік қызметі нәтижесінде шығарған шаруашылық жүргізуші субъект жауапқа тартылуға тиіс.

28. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзушылықпен байланысты істер бойынша талапкердің талап-шағымнан бас тартуын қабылдау және бітімгерлік келісім бекіту туралы мәселені сот АІЖК-нің 49-бабының 2-бөлігінің талаптарын ескере отырып шешеді.

Айталық, егер істеп барлық дәлелдемелер, тәртіп бұзушы өз еркімен зиянды толық өтеген жағдайларды қоспағанда, экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін мүліктік жауапкершілікке тартуға негіздер мен жағдайлардың дәлелдемесі болса, сотта талапкердің талап-шағымнан бас тартуын қабылдауға жол берілмейді.

Сонымен бірге, соттың табиғи объектілерді пайдаланғаны үшін (оның ішінде өз еркімен) еріксіз төлемдер өндіріп алумен байланысты іс бойынша талап-шағымнан бас тартуды қабылдауға құқығы жоқ.

Бітімгерлік келісімді бекіту туралы шешім қабылданған кезде соттар АК-тің 935-бабы 5-бөлігінің қоршаған ортаға қасақана зиян келтірген заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтардың мүліктік жауапкершілігін азайтуға жол бермейтін талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

Қолданыстағы заңдарда табиғи объектілерді пайдаланғаны үшін төленуге жататын төлемдер мөлшерін төмендету мүмкіндігі (оның ішінде өздігімен) көзделмегендіктен, соттардың осындай талаптары бар бітімгершілік келісімдерді бекітуге құқығы жоқ.

29. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 86-бабы 1-бөлігіне сәйкес зиянның өтеліп алынған сомасы қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік қоры есебіне аударылуға тиіс.

30. Азаматтық істерді қараған кезде соттар қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуына ықпал еткен мән-жайларды мұқият зерделеуге, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіндегі нақты кемшіліктер мен жолсыздықтарды, нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуына соқтырған жекелеген лауазымды адамдардың заңсыз іс-қимылдары жөніндегі фактілерді белгілеуге тиіс.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 1 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) Нормативтік қаулысымен.

31. Осы қаулының қабылдануына байланысты 1989 жылғы 31 наурыздағы өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1986 жылғы 28 наурыздағы "Соттардың табиғатты қорғау туралы заңдарды қолдану практикасы туралы" N 2 P86012s_ қаулысының 1, 3, 6, 17 және 18-тармақтарының күші жойылды деп танылсын, ал КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1986 жылғы 16 қаңтардағы N 2, 1988 жылғы 23 желтоқсандағы N 16 және 1990 жылғы 30 қарашадағы N 9 қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса КСРО Жоғарғы соты Пленумының "Соттардың табиғатты қорғау туралы заңдарды қолдану практикасы туралы" 1983 жылғы 7 шілдедегі N 4 қаулысы Қазақстан Республикасында қолданылмайды деп есептелсін.

Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Р е с п у б л и к а с ы